



«КЕЛІСІІДІ»  
«Мұғалжар ауданының  
білім бөлімі»  
ММ әдстемелік кабинеті  
Г.К. Нұрмұғанбетова  
«27» 08 2021 ж.



«БЕКІТЕМІН»  
«Қарлығаш» бебекжай-  
бақшасы  
МКҚК менгерушісі  
Медеуова  
«27» 08 2021 ж.

## Вариативтік компонент

### «ҰЛТТЫҚ ОЙЫН»

Бағдарламаны дайындаған:  
№6 «Гүлдер» ересек тобының тәрбиешісі  
А.К.Нұрмұғанбетова

Қандығаш қаласы

## **Түсінік хат**

### **Мақсаты:**

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру. Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәнін үйрете отырып дамыту. Балаларды қазақтың ұлттық ойындарына деген қызығушылықтарын тудыра отырып, татулыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі мекемеге әдістемелік құрал болып табылады.

### **Алғы сез**

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әркетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаган ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдене жасап қана қоймайды, сондай-ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Аса көрнекті үздік педагог Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бал организмінің қажеті. Ойында баланың дene күші артады, қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шындалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дene бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады.

Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жакты тәрбиелейміз.

**«Ұлттық ойын» вариатив сабағының тақырыптық жоспары**  
**Аптасына 1 сағаттан, барлығы 36 сағат**

<b>№</b>	<b>Айы</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>C/саны</b>
1	Қыркүйек	Күш сынаспақ	2
2		Тауық күрес	1
3		Арқан тарту	1
4	Қазан	Хан «алшы»	1
5		Көтермек	1
6		Орамал тастамақ	1
7		Ақсерек - көксерек	1
8	Қараша	Қызың қуу, Асау мәстек	2
9		Түйілген орамал	1
10		Соқыр теке	1
11	Желтоқсан	Әүе таяқ	1
12		Қара құлақ	1
13		Алақан соқпақ	1
14		Атқаума	1
15	Қаңтар	Сақина жасыру	1
16		Белбеу соқ	1
17		Арқан түю	1
18		Допты қуып жет	1
19	Ақпан	Тышқан мен мысық	1
20		Тұлқі мен балапандар	1
21		Боран. Ұйқыдағы аю	1
22		Ат жарыс	1
23	Наурыз	Қуыр – қуыр қуырмаш	1
24		Үш табан.	1
25		Хан талапай	1
26		Аударыспақ	1
27	Сәуір	Тенге ілу	1
28		Санамақ	1
29		Тасымақ	1
30		Тасымалдау	1
31	Мамыр	Қарамырза	1
32		Айдапсал, Шертпек	1
33		Белбеу соқ, Бөрік жасырмак	1
34		Асау көк, орын тап!	1
		<b>Барлығы:</b>	<b>36сағат</b>

### **Күш сынаспак**

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек синасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастьарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып синасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

### **Тауық күрес.**

Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да – тек жалғыз аяғымен ақсандай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты журуін жетілдіреді. Күресушінің 1 аяғын тізесін бүгіп, мата белбеуін байлап тастанады. Қайсысы сүрініп жығылса, сол ұтылады.

### **Арқан тарту.**

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арканның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

### **Хан «алышы»**

Бұл ойынға 5 немесе 10 бала катыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.

Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздел құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

### **Көтермек**

Ортаға екі ойынши бала шығады. Бір-біріне аркаларын беріп тұрады.

Белгі бойынша кім бірінші бірін- бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де, басқа балалармен бірге күш синасады.

### **Орамал тастанамақ**

Балалар шенбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастанап қаєтеді. Артына орамалды тастанғанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тастанғанын сезбесе ол өлең, тақлақ айтып немесе билеп беруі керек.

Балалар шенбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

### **Ақсерек-қоқсерек.**

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1.        ші топ. Ойынды бастайды

Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші Ақсерек –ау ақ серек

Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, ете алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

### Қыз -қуу

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (агаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

### Асау мәстек

Ойын бастаушы арқанды жерден 50 см –дей биік етіп керіп байлайды да қасындағы балаларға  
Былай дейді.

Ер екенінді білейін  
Ешкі сойып берейін  
Тақия алсан әңкейіп  
Құламасаң теңкейіп

Ерлігіне сенейін  
Ойын шартын қабылдап , ортаға шыққан бала:  
Асау мәстек бұл болса  
Үйретейін көрініз  
Маған таяқ берініз!- дейді де, таяқпен арқаннан асылып жердегі тақияны іліп алуы керек.  
Ойынды келесі бала осылай жалғастырады.

### Түйілген орамал

Ойын жүргізуіші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лактырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік үйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуіші аудыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шенбер жасап тұралы.

### Соқыр теке.

Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.

Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ

Қайда кеткен құлышақ

Соқыртеке бақ-бақ

Мені ізден тап-тап

Деп тақпақтайда.

Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп тұртпіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылайын жалғаса береді.

### **Әуе таяқ**

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сзық сзылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да, бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сейтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына үпай әкеледі.

### **Қара құлақ**

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі. Таяп келіп мынау кім? –деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ойбай бұл қаралуқ қой!- деп қаша жөнеледі. Қалғандары да –қарақұлақ, қара құлақ!-деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстая үшін тұра куады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

### **Алақан сокпақ**

Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да, дөңгелене отырады. Орталарынан бастаушы белгілейді. Оған сұлгі (орамал) беріледі. Бастаушы шенбер ішін айнала жүріп біреуге –Алақанды тос!-дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сұлгіні тигізіп -Сұлгі қайда?- деп сұрайды. Сонда ойыншы «канада» -деп бір баланың атын атайды. Аты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сұлгі қайда?- деп атын айтады. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып ән салғандар үпай жинайды.

### **Атқаума**

Ойынды 6 бала 3-3-тен бөлініп ойнайды. Бір бала сол қолымен өзінің оң қолының білезігінен ұстайды. Содан кейінгілері де солай істейді де, бір-бірімен қолдарын айқастырады. Үшінші бала көзі танулы күйде екінші баланың айқасқан қолына отырады. Қолдастып тұрған балалар: -Атқаума, атқаума –деп қаумалай көтерген бойы мөлшерлі жерге дейін жетеді. Бірінші бала ақ сандық, көк сандық десе, көзі танулы бала -көк сандық , көк сандық деп жауап береді. Қаумалап келе жатақан балалар :

Бақа, бақа балпак  
басың неге жалпак?  
Бұтың неге талтак  
Көзің неге тостақ

Бұған көзі танулы бала былай деп жауап береді:-

Темір терсек көп киіп  
Басым содан жалпак  
Теуіп, теуіп қашырды  
Бұтым содан тостақ!

Балалар қолдарын жіберген кезде бала құлап түссе, айып тартады. Құламай тік түссе қалған текі бала көтеріп жүре береді.

### **Сақина жасыру**

Ойынды өткізуши және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің ұстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлтулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның

кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

#### **Белбеу соқ**

Ойыншылар екі-екіден жұптасып шенбер жасап тұрады. Бір белбеуді алыш екіншісін күнгі тиіс. Қашып жүрген бала шенбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны күп жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді.

#### **Арқан түю.**

Балалар шенбер жасап тұрады. Колында арқаны бар жүргізуі топ арасынан шыгады да: ойын басталды – деп дауыстайды. Соңан соң арқаның түйілмеген басын ұстап шенбер бойымен айналады, арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқан үстімен секіріп тұрады. Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалса, ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді, такпақ, өлең айтады немесе билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді.

#### **Допты қуып жет**

Ойын мақсаты: балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауага, тез жүгіругі, түсетеңін, көлемін ажыратып білуге баулу.

Ойынның шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып алыш, балалардың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет» деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алыш тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.

Кұралдар: тұрлі-тұсті, үлкен-кішілі доптар.

#### **Тышкан мен мысық**

Ойын мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.

Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды (қакпа қалып) дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқан мен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстасу үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.

Кұралдар: мысық, тышқан бетперделері.

#### **Тұлкі мен балапандар**

Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 дең бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «тұлкі» етіп сайладап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетперде кигізіп ойын айналады. Ойында балапандар тұлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.

Кұралдар: тұлкі мен балапандар бет перделері.

#### **Боран**

Бұл үлкен кең залда болады. Бұл ойынға қажетті заттар «боран» киімі (ақ түсті бет перде, гимнастикалық қабырға болуы тиіс).

Ойын шарты: ойынға 8-10 бала қатыса алады. Бір баланы боран киімін кигізіп, қалған балалар боран алыш кетпеуі үшін, «Боран у-у-у» деп келе қалғанда гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығуы керек. Боран соғып балаларды бір айналып өтеді. Ұсталып

қалған баланы, боран алып кетеді. Ойын 2-3 рет қайталанып ойналады. К\Құралдар: Боран күмі ақ матадан тігілген жамылғы бетперде.

### Ұйқыдағы аю.

Бұл ойынга топ балалары 2-ге бөлініп қатысады.

Ойын шарты: Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп орындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуендер келе жатып, ұйқыдағы аюды көреді. Аю болса балалардың шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызып қояды. Ойын қайта жалғаса береді.

К\Құраладар: Аю бетпердесі.

### Ат жарыс

Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.

Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреке тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады.

Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреке шауып жету.

К\Құраладар: Екі командаға аттың кескін бетпердесі.

### Үй артында қол ағаш

Ойынды топ бала болып ойнайды.

Ойын тәртібі: қатысушылар бірінің қолынан бірі ұстап дөнгелене тұрады. Ойын бастаушы не белбеу, не орамал алады да, дөнгеленіп тұрган топтың сыртын айнала жүгіріп былай дейді.

Үй артында қол ағаш

Желбау тартам , есік аш,- деп бірнеше қайталанады. Дөнгелене тұрган балалар:

Үй артында қол ағаш

Жел кірмесін, ескі аш- деп бірігіп жауап қайтарады. Тұрган балалар ұстасқан қолдарын ажыратпайды. Ол-есік ашпаганның белгісі.

Енді: Үй артында қол ағаш

Жел бау тартам есік аш- деп жүгіріп жүрген бала өзі артындағы баланы артына орамалмен бір соғып қалады да, орамалды сол балаға тастай сала:

Үй артында қол ағаш

Озам десен ала қаш- деп өзі сол бетімен жүгіре береді. Осының боларын біліп, әзір тұрган бала да «Қол ағашты ала сала, әлгі балаға қарма-карсы жүгіреді. Бұл кезде дөнгелене тұрган балалар:

Үй артында қол ағаш,

Қол ағаштан ала қаш

Бұрын келген балаға

Тездеп барда есік аш,- деп барлық бала хормен айтады.

### Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

-Ортаңғы саусағымды тапши,- дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасыруышының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Үтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусактардың атын бір түгел атап береді: басбармак, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармагынан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады. Сен тұр қойына бар,

Сен тұр түйене бар,  
Сен тұр жылқына бар,  
Сен тұр сиырыңа бар,  
Сен кішкентай әлі жас екенсің  
Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.  
Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:  
Куыр-куыр, қуырмаш  
Балапанга бидай шаш  
Әжер келсе есік аш  
Қасқыр келсе мықтап бас.  
Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:  
-Мына жерде қой бар,  
Мына жерде жылқы бар,  
Мына жерде жылқы бар,  
Мына жерде түлкі бар - деп баланың білегінен қолтығына дейін тұртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды.

### Ұш табан

Бұл ойынды үш-төрт баладан топтап екі-үш жерде үйымдастыруға болады. Ойын шарты бойынша әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. (Бұл ойынның жылдам әрі қызықты өтуіне сеп). Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз аландарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) «ұшуга» кіріседі. Ұшу дегеніміз-көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіру. Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атуға жолдама алады. Осылай болмаған жағдайда аск ату бәрі ұшып болған соң бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмbede қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншыны қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса аткан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі бәсекелесіне кезек беруіне мәжбүр болады. Ереже бойынша ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сейтіп, айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде актық (финал) сайысқа туседі. Бұл шешуші жарыста бірінші және екінші орынға ие болған мергендерге арнаулы жүлделер тапсырылса нұр үстіне нұр.

### Хан талапай.

Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдал алынады. Он бірінші асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірісудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіру керек. Қалған ойыншылар андысын андалап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе,

немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай үпай жинайды. Межелі үпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге бол майды. Ойынның соңына дейін ханга бірде- бір асық тимеуі керек. Себебі ол –хан.

### **Аударыспақ**

Қазактың кәдімгі ұлттық ойын спорт ойыны. Қарапайым бөренеден «ағаш ат» жасаудың еш қындығы жоқ. Екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай) ұзындығы 70-80 сантиметрдей бір –біріне қапталдас орыналасқан «ағаштардың» ара қашықтығы екі жақтан созылған қол ерін жектетіндей болса жеткілікті. Оларға мінген «шабантоз» балалар бір-біріне қарама қарсы отырып қол ұсасады. Төрешінің белгісімен бірі-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын «ағаш аттан» аударып түсіү шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Ойын шарты бұзылады. Ағаш аттан құлағанда айналасына құм немесе ағаш үгінділері төсөлу керек.

### **Теңге ілу.**

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.

Ойын кезгі басталатын жерге сыйық сыйылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден терендігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады. Сыйыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйынғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.

Ұпай әр саыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп үпай жинаса, сол топ жеңеді.

### **Санамақ**

Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айттып шықса, жүлде алады. Егер қателессе ойыннан шығады. Мысалы: жаңылмай 10 ақынның немесе 10 өзеннің атын атауы керек.

### **Тасымак.**

Бұл ойында 2 жерге ыдасқа су құйып қояды. Сол суды қарсы бетке құйылған бос кесеге қасықтап екі адам тасиды. Бұнда команда құрып ойнайды, әр командада үш адамнан болады. Ойынның шарты: су таситын адам суды төкпей-шарапай, тез тасуы керек, қай команда жеңіске жетсе, жүлдеге сол ие болады.

### **Тасымалдау**

Екі-екіден қарама-қарсы 3-4 жерге 4 орындық қойылады. Сол орындықтың екеуінің үстіне бес-бестен қасық қойылады. Ойын бастаушы екі адамның ортаға шығарып ойынның шартын түсіндіреді. Шарт: 5 қасықты әр қайсысында тұрган бос орындыққа бір-бірлеп көшіруі керек. Ол үшін екі ойыншының көзін таңып қояды. Әр ойыншы өз қасығын өзіне тиісті орындыққа көшіру, егер қарсыласының орындығына қойса, онда шатасқаны. Шатаспай бұрын көшірген адамға сыйлық беріеді.

### **Қарамырза**

Ойын басталмас бұрын, оның ережесі түсіндірледі. Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы «ойнаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне:

«Ассалаумагалейкум, Қарамырза !» -дейді. Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам, бірінші қарамырза» -деп жуап беруі керек, егер «уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады. Сейтіп, аздан соң ойыншылар «женгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген» жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді.

### **Айдапсал**

Ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып, ал екінші топ үйдің ішінде қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұргандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды.

Ойынның шарты бойынша, сырттан кірген ойынши отырғандардың ішінен өз есімі берілген ойыншыны табуы керек. Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады. Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады. Айыптартушылар көвшіліктің үйгаруымен өлең айтады, би билейді, т.б. өнер көрсетеді.

### **Шертпек**

Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізуші орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды. Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі мандайынан шертіп кетеді. Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады. Таба алмай қалса, көвшіліктің үйгаруымен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады. Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.

### **Белбеу сок**

Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шенбер жасап тұрады. Бір ойынши белбеуді алып, екіншісін қууга тиіс. Қашқан шенбер жасап тұрган бір жұптың алдына келіп тұрган кезде, артық қалған үшінші ойынши шенберді айнала қашады. Егер қуғынши оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе, оның орнын келесі ойыншы басады.

### **Бөрік жасырмак**

Ойынга қатысушылар араларынан бір ойынши шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір- бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол манайына жасырынуы керек. Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тықкан затын іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға кам жасаса онда иесі бермеуге тырысады. Бермеудің жағдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады. Ал көрген ойынши ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге тырысады. Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды. Қайткенде алда жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек. Келесі жолы бөрікті әкелген ойынши барады да, ойнаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді.

### **Асаяу көк.**

Кешкі астан кейін мейманға ән салғызыу, әңгіме-ертеғі, жұмбақ немесе жаңылтпаш айтқызы мақсатында ұйымдастырылады. Әуелі үй иелері «ауылдың алты ауызын» айтады да, онан соң «конақ қадесі» деп мейманнның өнер көрсетуін сұрайды. Тұқ білмейтін қонақты айып ретінде мінгізетін керме арқан «Асаяу көк» деп аталады. Кермеге мінген қонақ әрі-бері сүрінбей жүруі керек.

### **Орын тап.**

Екі жұп арқасын түйістіріп қойған екі орындыққа айналып музыканың сүймелдеуімен билейді. Музыка кілт тоқтағанда, тұрған екі орындыққа отырып үлгеруі керек, орын алмай бос қалған екі адам айып төлейді, ән салу, би билеу, жұмбақ , жаңылтпаштар айту.

## **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ойнайық та, ойлайық. Р. Кашенова. Поиграем, поговорим. Алматы, Ана тілі, 1996
2. Математикадан дидактикалық материалдар мен ойындар және қызықты тапсырмалар. Ә. Наурызбайқызы, Қ. Әубекірқызы, С. Мұқамбетқызы. 2-сынып. Рауан, Алматы, 1994
3. Қуыр - қуыр, қуырмаш. Сейсенбек Ахметов. Өнер, Алматы, 1993



## Вариативтік компонент

### «Табиғат әлемі»

Бағдарламаны дайындаған:  
№6 «Гүлдер» ересек тобының тәрбиешісі  
М.Ш.Жұбанова

Қандығаш қаласы

*«Табигат-әлемі»*  
3-4 жас



Тәрбиеші: Жұбаниязова М.Ш.

## **Түсінік хат.**

Экологиялық мәдениеттің және айналадағы әлеміндегі тәртібін қалыптастыру XXI ғасырдың білім және тәрбиелеудің негізгі міндеті болып келеді. Қазіргі заманың кезеңдегі әлем экологиялық апатының шетінде болып, және бүкіл әлеміндегі адамзат келешегі жойылу қатерінде жүріп, экологиялық білім осы замандағы ең өзекті мәселесі болып табылады. Табиғатқа, айналадағы ортаға дұрыс қаруа, әр адамның инабаттылықты бағалау өлшемдерінің бірі болу керек.

Экологиялық тәрбиелеу – ол инабаттылықты, рухтандыруыштылықты және ақылды тәрбиелеу. Ғасырлар бойы адам табиғаттың пайдалануышы болды: нәтижелерді ойламай, адам тұрып, табиғаттың сыйын пайдаланды. Соныменде, ақталмаған жабайылықты жойылудан, ластанудан табиғатты қорғау ықыласым туғызды, және адамдарда табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Ең кішкентай жасынан осы қасиеттерді тәрбиелеу керек.

Экологиялық білімінің міндеттерін шешуі мектепке дейінгі жасы ең қолайлыш кезең болып келеді. Осы кезеңде адамның тұлға ретінде қасиеттері, экологиялық мәдениетінің негіздері қалыптасады. Экологиялық мәдениетті қалыптасқан мектепке дейінгі тұлғаның негіздері – ол табиғат туралы білімдер және олардың экологиялық бағдары, осы білімдерді өмірінде, тәртібінде, әр түрлі (ойындарда, еңбекте) істерінде пайдаланудың икемдері болу керек.

«Табиғат-біздің үйіміз» вариативтік компоненті экологиялық тәрбиелеу мәселелері- балаларда табиғатқа қарай ұқыпты, адамгершілік сезімдері дамымағандықтан және өзекті болғанымен өндөлді. Осы бағдарлама 3-4 жастағы балалармен, ата-аналармен жүйелеп жұмыс істеуді, ата-аналар мен балалардың бірлескен қызметін ашады.

Бағдарламаның жаңалығы – ол, мектепке дейінгі балалармен экологиялық тәрбиелеудегі әр түрлі жұмыстың формалары мен әдістерінің болуымен, берілген сұрақтың шешудегі шығармашылық тәсілдемені, тәрбиешілердің, мамандардың, ата-аналардың жүйелілік және мақсатқа бағытталған жұмысты көрсетеді.

**«Табиғат-әлемі» бағдарламаның мақсаты** – 3-4 жастағы балалардың танымдық қабілеттерін экологиядан қарапайым білім жүйесі, түсініктер және кіріктірілген тәсілдеме арқылы қалыптастыру. Мектепке дейінгі тұлғаның қоршаған ортаның мәдениет негіздерін дамыта отырып, тазалыққа, қоршаған ортаны құрметтеуге тәрбиелеу.

### ***Міндеттер:***

#### **Білімділік**

- кіріктірілген тәсіл арқылы мектепке дейінгі баланың қоршаған орта туралы білімдері қарапайым жүйесі түсінікті қылыш қалыптастыру;
- табиғатта себеп-салдарлық байланысты тауып алудағы қабілеттерін қалыптастыру;

- туған табиғаттың сұлулығын көруді және түсінуді қалыптастыру;
- экологиялық сананы қалыптастыру;

#### Дамытушылық

- табиғаттың әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту;
- Табиғат пен бала үшін экологиялық сауатты қауіпсіз тәрбиенің дағдыларын және алғашқы қабілеттерін дамыту;

#### Тәрбиелік

- Айналадағы әлемге және табиғаттың әлеміне эмоционалдық-ондық, адамгершілік қатынасын тәрбиелеу;
- Балалардың табиғатқа деген қалыпты қызығушылығын, оның тірі және өлі объектілері мен табиғи құбылыстарына, айналадағы әлемді танудан талап етуін, табиғатқа ойлампаз және ұқыпты қарауды тәрбиелеу;

#### Вариативтік компоненттің құрылышы:

- бақылау;
- әңгіме;
- тәжірибелік қызмет;
- ойындар: сөздік ойындар, дидактикалық ойындар, қимылды ойындар.
- еңбек ету ісі;
- табиғи материалдан жасалған заттардың тақырыптық көрме; табиғат туралы жасалған суреттердің көрмесі;
- отбасымен жасалған экологиялық газеттердің шығарылуы.

**Бағдарламаның бағыты:** танымдық-сөздік; Бастапқы салалары: «Таным», «Денсаулық», «Элеумет», «Коммуникация»

#### Педагогикалық процесстің құрылу қағидалары:

- экологиялық тәрбиенің қағидасы табиғатқа деген адамгершілік-құндылық қатынасуымен айқындалады, оның негізгі шарттары: тірі тіршілік иелеріне әк ниетпен қарау, эмоционалды ықыластылық, табиғи нысандарға қызығушылық, олармен позитивтік қатынасуды жасауға ұмтылу, олардың өмірі үшін керекті жағдайын жасау.
- адамгершілік қағидасы – әр баланың физикалық, психикалық және әлеуметтік саулықты қамтамасыз ету. Балалардың тәжірибеге және білімнің дәрежесіне, олардың тұлға ретінде бағыттанушылыққа, қызығушылық құрылымына қарай сабактың әдістері мен формаларының мазмұнын құру.

Табиғатпен онды эмоция алып қатынасудан, құрдастарымен (көтеріңкі көңіл-күй, аялау, бір-біріне деген көмек), өзінің білмestігін жену, бала маңызды және керекті нәрсені жасап жүргенін түсіну арқылы барлық экологиялық жұмысы айтылған негіздеріне қарай құрылады.

- демократияландыру қағидасы – балалармен жұмысында формаларды, әдістерді, амалдарды еркін таңдауға тәрбиешілерге құқық беру; Бұл мектепке дейінгі балалармен экологиялық білімнің мәселелерін шешуіндегі таңдаулы формаларды, әдістерді мен амалдарды адекватты екенін кепіл беріледі.
- аймақтық қыр-сырының қағидалары мектепке дейінгі балаларды климаттық-географиялық шарттымен оқытуы, экологиялық білімнің фактордың бірі болуы.
- баланың әлеуметтену қағидасы – мектепке дейінгі балаларды сөйлеу мен қимылды белсенділікке, ойын-сабактарда экологиялық тапсырмаларды бірге

шешуге шақыру, ол - барлық топтың күрылымдық бөлімінің істер жүйесі болып келетіндей.

- *вариативтік қагидасы* – мектепке дейінгі баланың білімділік процессінің міндеттеріне, балалардың тандауына, дамытушылық ортаның ерекшеліктеріне, ата-аналардың тілектеріне қарай экологиялық дамуына әр-түрлі технологияларды қолдануға болжайды.

- *дараландырудың қагидасы* – оқу процессіндегі әр балаға жеке қарауы ең басты болып келетін үйымдастыруды болжайды.

- *білім дамуының мінезді қагидасы* баланың барлық қабілеттерінің жиынтығы дамуына бағытталған және оның дамуындағы ең жакын аймағында орындалады. Бұл қағида көрнекілік-дидактикалық ойындары мен жаттығуларды пайдалану арқылы, баланың сөйлеуді, қиялын, зейінді, ойлауды байыту мақсатында экологиялық ісіне шақыруды болжайды.

- *отбасымен бірлестікте болуы қагидасы* мектепке дейінгі баланы экологиялық дайындық туралы МДМ және отбасында бірдей шарттарды ұстануын болжайды.

**Күтілетін нәтижесе:**

- Кіріктірілген тәсілі арқылы қарапайым ғылыми-жаратылыс экологиялық білімдерінің жүйесін қалыптастыру;
- Табиғатта қауіпсіз тәртібі туралы алғашқы икем мен дағдыларды меңгеру;
- Әлемнің біртұтас суретіне зерделі көзқарасты қалыптастыру;
- Табиғатпен қатынасу кезінде тәртіп мәдениетін қалыптастыру;

## Блоктік-модульдік жоспарлауы

Күз

Сү

- 1. Су дегеніміз не: тамшымен таныстыру
- 2. Жаңбыр кімге керек? Тамшы үлкен Бұлтта қонақта

Айналадагы әлем

- 1. Серуен «Күздің белгісі»
- 2. Серуен: Қонжыққа ауламызды көрсетейік
- 3. Алтын күз

Ағаштар және өсімдіктер

- 1. Гүлбаяларды гүлдермен бақылау: астра, бархат гүлі, петуния
- 2. Ғажайып-ағаш (ақ қайын)
- 3. Белме өсімдіктерімен танысу: фікус гүлімен танысу

Жабайы жануарлар

Оны қолға ұстай алмайсын- ол тікенек, жібі жо инелері ғана бар: кірпімен танысу

Үй жануарлары

Ауылдағы аланда: сиырмен танысу.

Көкөністер, жемістер

- 1. Әжениң сыйлығы: жемістермен танысу (алма алмұрт).
- 2. Әжениң сыйлығы: көкөністермен танысу (сәб, қырыққабақ).

## Қыс

Сү

- Аспандағы қонақтар: қар бүршігімен танысу

Айналадагы әлем

- Қыс өзімен бірге не алып келді? серуен

Ағаштар және өсімдіктер

- Қыста да, жазда да, бір түсті болады: шыршамен таныстыру
- Бөлмедегі гүлдерде қонақта: қожағаймен таныстыру.
- Өсімдіктерді суаруды үйренеміз
- Біз жуаны отырғызамыз

Балық

Балықпен таныстыру  
Балықтарда қонақта

Жабайы андар

Бұтактың астында кім тұрады: қоянмен таныстыру  
Тиінде қонақта  
Сары түлкі, сұлу және құ  
Аюмен танысу

## Көктем

### Ағаштар және өсімдіктер

- Біздін алғаның ағаштары
- Бақ-бакшана кейлек киеді.

### Айналады әлем

- Көктемді кім ашады? Күн, күн терезеге қараши!
- Көктемнің белгісі

### Жәндіктер

- Ара кайда келіп конды?
- Көктемдегі жәндіктер: қоңыз, көбелекпен танысу.

### Жабайы аңдар

- Кімде қандай ана: кірілдер, көжектер, тиіндер, қонжықтар, мыршайлар. Д/о «Кімнің балары?».

### Үй жануарлары

- Ауылдағы аулада: итпен және мысықпен танысу.
- Кімде қандай ана: маргаулар, күшіктер, бұзаулар, балапандар, козылар. Д/о «Кімнің балары?».

### Су жәндіктері

- Бақылдауың бақа

### Құстар

- Сәлеметсіз бе, құстар!

### Үй жануарлары

- Құстар ауласында: тауық, этеш және балапандарымен танысу.

№	Айы	Тақырыбы	С/саны
1	Қыркүйек	«Күздің белгісі!» серуен	1
2		«Гүлбағыларды гүлдермен бақылау: бархатцы, астры, петуны» серуен	1
3		«Әжеден сыйлықтар: жемістермен танысу» (алма, алмұрт)	1
4		«Әжеден сыйлықтар: көкөністермен танысу!»	1
5	Қазан	«Алтын күз!».	1
6		«Ғажайып-ағаш!» (Қайын).	1
7		«Қонжыққа біздің алаңымызды көрсетейік!»	1
8		«Су дегеніміз не? Тамшымен таныстыру!»	1
9	Караша	«Жаңбыр кімге керек? Тамшы үлкен Бұлтта қонақта»	1
10		«Оны қолға ала алмайсың- ол тікенекті, жіптері жоқ, тек қана инелері бар: кірпімен танысу»	1
11		«Бөлмедегі гүлдерде қонақта. Фикусен танысу»	1
12		«Ауыл алаңында: сиырмен танысу.»	1
13	Желтоқсан	«Қыс өзімен бірге не әкелді?» серуен	1
14		«Бұтақтың астында кім тұрады: қоянмен таныстыру.»	1
15		«Аспандағы қонақтар: қар бүршігімен таныстыру.»	1
16		«Қыста да, жазда да, бір түсті болады: шыршамен таныстыру»	1
17	Қаңтар	«Тиінде қонақта!»	1
18		«Осы қызылтасары түлкі, әдемі және қу екен.»	1
19		«Аюмен танысу.»	1
20		«Балықпен таныстыру!»	1
21	Ақпан	«Балықтарда қонақта!»	1

22		«Бөлмедегі гүлдерде қонақта: қожағаймен таныстыру!»	1
23		«Өсімдіктерді суаруды үйренеміз!»	1
24		«Біз жуаны отырғызамыз!»	1
25	Наурыз	«Көктемді кім ашады? Күн, күн терезеге қараши!»	1
26		«Сәлеметсіз бе, құс!»	1
27		«Құстардың алаңында: тауықпен, этешпен және олардың балаларымен таныстыру!»	1
28		«Ауылдағы алаңында: мысық пен итпен таныстыру»	1
29	Сәуір	«Көктемнің белгісі!» серуен	1
30		«Кімде қандай ана: марғаулар, бұзаулар, балапандар, лақтар, күшіктер» Д/о: «Кімнің балалары?».	1
31		«Кімде қандай ана: кірпілер, көжектер, мыршайлар, тиіндер, қонжықтар» Д/о: «Кімнің балалары?».	1
32		«Біздің аланың ағаштары!»	1
33	Мамыр	«Бақ-бақ жаңа көйлек киеді!»	1
34		«Ара қайда ұшып кетті?» Д/о «Ара мен гүлдер».	1
35		«Бақылдауық бақа»	1
36		«Көктемде жәндіктер: кобелекпен, коңызбен таныстыру»	1
		Барлығы:	36сағат

**«Табиғат-әлемі» 3-5 жастағы балаларға  
арналған вариативтік-перспективтік жоспары**  
**36 сағат**

<b>№</b>	<b>Айы</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Саға т саны</b>
1.	Қыркүйек	<b>«Күздің белгісі!» серуен</b>	балаларды күздегі өзгерістерді бақылауға себеп болу; ауа райын бақылауды жалғастыру; күздің кейбір ерекшеліктерімен таныстыру; күзгі ауа райының әдемілігіне назар аудару;	1
2.		<b>«Гүлбағыларды гүлдермен бақылау: бархатцы , астры, петуны» серуен</b>	балаларда сабакқа онды эмоционалдық ықыласын тудыру; табиғатқа сүйіспеншелегін тәрбиелеу;	1
3.		<b>«Әжеден сыйлықтар: жемістермен танысу» (алма, алмұрт)</b>	көру, жанасу, дәмін білу түйсіктерін дамыту; сөздік қорын байыту, балалардың сейлеу дағдыларын дамыту, тәрбиешіні тыңдау қасиетін және оның сұрақтарға жауап беруді дамыту;	1
4.		<b>«Әжеден сыйлықтар: қекөністермен танысу!»</b>	балалардың қекөністерге деген қызығушылықтарын қалыптастыру; қекөністер туралы қарапайым түсініктерді беру; өсетін орын туралы білімдерін бекіту; дайын қекөністердің формаларды жapsыру туралы білімдерін қалыптастыру; қысқа қарай қекөністерді дайындайтыны туралы білімдерін бекіту;	1
5.	Қазан	<b>«Алтын күз!».</b>	балаларды күздің ерекшеліктерімен таныстыру, жануарлар мен құстар күзде қалай бейімделетіні туралы білімдерін бекіту; «жапырақтардың тусуі» жана түсінігін ашу, жапырақтарға сүйіне қарауды үйрету;	1

		жапсырудың көмегімен суреттерді жасау, ұжымда бірге жұмыс істеуге үйрету; қиялышты дамыту;	
6.	<b>«Гажайып-ағаш!» (Қайын).</b>	ағаштар туралы, қайың мысалында балалардың білімдерін анықтау және бекіту; ағаштың құрылышымен таныстыру: тамыры, діңі, бұтактар, жапырақтар; ағаштардың қасиеттері туралы балаларды бақылауға, сараптауды және қарапайым шешімдерді жасауды үйрету; ағаштан жасалған заттардың ерекшеліктері туралы білімдерін байыту; мәдениетті қатынасудың икемдерін тәрбиелеу, сыйайлышқа үйрету (амандасуды, қоштасуды, көмек үшін алғысын білдіруді).	1
7.	<b>«Конжыққа біздің алаңымызды көрсетейік!»</b>	балаларды табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыруды жалғастыру; балалардың назарын ағаштағы жапырақтармен, шептермен, құстармен, жәндіктермен не болғанына аудару; өсімдіктердің өсуіне: су, жер, жылулық, жарық, ауа керек екені туралы түсініктеме беру; өсімдік және құстарға қамқор болуды ықыласын тәрбиелеу;	1
8.	<b>«Су дегеніміз не? Тамшымен таныстыру!»</b>	балаларды зат есімдерге етістіктерді мен сын есімдерді теріп алуды үйрету; балалардың адамның өмірінде және табиғатта судың қажеттілігі туралы білімдерін байыту; табиғи құбылысы ретінде су туралы біртұтас түсінікті жасау; сөздік қорын байыту; байланысқан және диалогтік сөйлеуді, зейінді, ұсақ	1

			моторикасын дамыту; арнағы жағдайында табиғат тәртібінің танымдық тәжірибесін, ролдік (кітапханашы- оқырман) қатынасуда қызмет ету қабілетін дамыту; суға деген үқыпты қатынасады тәрбиелеу;	
9.	Қараша	<b>«Жаңбыр кімге керек? Тамшы үлкен Бұлтта қонақта»</b>	жаңбыр қайдан келді деген сұраққа жауап беру; үлкен адамның сөйлеуді түсіну және оған белсенді жауап беруді ықыласын шақыру; өзіннің көзқарасын білдіруді, қарапайым түйінді жасауды үйрету; топта жұмыс жасауға, бір-бірінді тындауға, басқаның көзқарасын есепке алуға –ол жақсы екенін сендеру; сумен жұмыс жасағанда, үқыпты болғанын абзal екенін талпындыру; балаларда тамаша эмоционалды көңіл-күйді жасау;	1
10.		<b>«Оны қолға ала алмайсың- ол тікенекті, жіптері жоқ, тек қана инелері бар: кірпімен танысу»</b>	балаларды кірпімен таныстыру, балаларға кірпі туралы түсінікті беру (қандай ол, қайда тұрады, сүйк кезіндегі өмірдің ерекшеліктері); балалардың жабайы жануарлар туралы білімдерін байыту; жануарлардың суреттерін «өз үйіне» орналастыруды жаттықтыру;	1
11.		<b>«Бөлмедегі гүлдерде қонақта. Фікуспен танысу»</b>	балаларда фікус туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру; (үлкен өсімдік, ағашқа ұқсайды, онда үлкен, жасыл жапырақтар, тегіс беті), сөйлеуді дамыту, диалогті жүргізуі үйрету; өсімдікке үқыпты қарауға тәрбиелеу; өсімдіктерге күтім жасауга шақыру;	1
12.		<b>«Ауыл алаңында:</b>	балаларды сиырмен және	1

		<b>сиырмен танысу.»</b>	бұзаумен, олардың ерекшеліктерімен таныстыру(сиыр үлкен, денесі бар, басы, ұзын құйрық, мұйіздер, желіні; бұзау сиырдың баласы, мұйіздері бар, желіні жоқ);	
13.	<b>Желтоқсан</b>	<b>«Қыс өзімен бірге не әкелді?» серуен</b>	қыстың қасиеттерімен, тірі және өлі табиғаттың жағдайымен таныстыру; балалардың ой-өрісін кеңейту; танымдық қызығушылықты талаптандыру; қарым-қатынас икемдігін, диалогтік сөйлеудің дамыту; табиғатқа зиянды келтірмеуді, өзіннің өміріндегі қауіпсіздіктің негіздерін қалыптастыру;	1
14.		<b>«Бұтақтың астында кім тұрады: қоянмен таныстыру.»</b>	балаларды жабайы жануармен-қоянмен таныстыру; (оның құлағы ұзын, дene бітімі үлкен емес, қыста-ак, жазда-сұр); маусымдық өзгерістерде қоянның өмірі туралы түсіндіру; осы жануарлар қандай әдемі және орманды көріктендіретіні туралы білімдерін кеңейту; жануарларға ұқыптылықпен және аялау сезіммен қарауғы тәрбиелеу;	1
15.		<b>«Аспандағы қонақтар: қар бүршігімен таныстыру.»</b>	қардың қасиетімен таныстыруды жалғастыру, (сұық, ак, кіртілдек), судың әр түрлі қасиеті туралы түсініктерді қалыптастыру, логикалық ойлауды, сөйлеуді дамыту, ой-өрісін кеңейту, танымдық қызығушылықты талаптандыру; білімге құмарлықты, балалармен сөйлеу мәдениетін, ак ниетті болуға тәрбиелеу;	1

16.		<b>«Қыста да, жазда да, бір тұсті болады: шыршамен таныстыру»</b>	шырша туралы балалардың білімдерін анықтау және бекіту; (неге қыста да, жазда да бір тұсті болады?); ағаштың құрылсызымен таныстыру: тамыры, діні, бұтақтар, инелер; ағаштардың қасиеттері туралы балаларды бақылауға, сараптауды және қарапайым шешімдерді жасауды үйрету; ағаштан жасалған заттардың ерекшеліктер туралы білімдерің байыту; мәдениетті қатынасудың икемдерін тәрбиелеу, сырайлышқа үйрету (амандасуды, қоштасуды, көмек үшін алғысын білдіру).	1
17.	Қантар	<b>«Тиінде қонақта!»</b>	балаларды тиінмен таныстыру, балаларға тиін туралы түсінікті беру (қандай ол, қайда тұрады, сүйк кезіндегі өмірдің ерекшеліктері); балалардың жабайы жануарлар туралы білімдерің байыту; жануарлардың суреттерін «өз үйіне» орналастыруды жаттықтыру; зейінді дамыту; білімге құмарлықты тәрбиелеу;	1
18.		<b>«Осы қызғылтсары тұлкі, әдемі және қу екен.»</b>	қысты қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру; балалардың білімдерін жабайы жануарлар және қыс кезіндегі олардың өмірі туралы бекіту; тұлкінің сыртқы келбеті және қылыштар туралы білімдерін көңейту; балаларды тұлкі орманда қалай тұратынын таныстыру; ойлауды, зейінді, қызығушылықты дамыту; табиғатқа қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу;	1
19.		<b>«Аюмен танысу.»</b>	балаларды жабайы жануарлармен –аюмен таныстыру, балаларға аю туралы түсініктерді беру (ол қандай, қайда тұрады), қыс	1

			кезіндегі оның өмірінің ерекшеліктері; балалардың жабайы жануарлар: тиін, коян, түлкі туралы білімдерін бекіту; жануарларға қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу;	
20.		«Балықпен таныстыру!»	аквариумның ішінде тірі және тірі емес объектілері бар; тірі объектілері, тірі емес объектілерден тәуелді екенін көрсету (аяу, су, азық-тұлік); тірі балық пен ойыншық балықтан айырмашылығын көрсету; балықтың құрылсызы туралы алғашқы түсініктерін беру, балықтар (денесі, жұзбеканаттар, құйрықтар, басы, көздері мен аузызы);	1
21.	Ақпан	«Балықтарда қонақта!»	балықтар туралы білімдерін бекіту және анықтау; «акула» және «жайық» туралы түсініктеме беру; ойлауды, ақыл-ойдың қимылын дамыту; «балықтар» туралы сөздік қорын байыту; сөйлеудің грамматикалық сабын дамыту- тұбірлес сөздерін тандау; байланыстырып сөйлеуді дамыту, құрдастарды тыңдауга және олардың жауаптарына қосымша етуді тәрбиелеу;	1
22.		«Бөлмедегі гүлдерде қонақта: қожағаймен таныстыру!»	жаңа бөлмедегі өсімдік туралы түсініктемені беру – қожағай; қожағаймен танысқан кезінде балаларда онды эмоцияларды шығару;	1
23.		«Өсімдіктерді суаруды үйренеміз!»	балалардың бөлмедегі гүлдер туралы білімдерін көнектізу; су сепкіштен өсімдіктерді суару икемділігін бекіту; жапырақтарды ылғал шүберекпен сұртуді	1

			үйрету; бөлмедегі гүлдерге қызығушылықты және оларға күтім жасау ықыласын қолдау;	
24.		«Біз жуаны отырғызамыз!»	балаларды жаңа өсімдік дәндерден және банадан өсуі мүмкін екенін таныстыру; жуаны отырғызу технологиясымен таныстыру; жуага күтім қажетті екені туралы айтуды (суару, жылу, жарық); жуа немен пайдалы екенін түсініктерін беру; еңбектену ықыласы мен пайдасы болуын тәрбиелеу;	1
25.	Наурыз	«Көктемді кім ашады? Күн, күн терезеге қараши!»	көктем және оның қасиеттері туралы білімдерін көңейту; тыңдау, көру зейінін дамыту, ойлау амалдарын дамыту; табиғатқа деген естетикалық сезімін білдіру;	1
26.		«Сәлеметсіз бе, күс!»	көктемнің қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру; балалардың білімдерін құстар және олардың көктемгі кезеңіндегі өмірі туралы бекіту; сыртқы келбеті және қимылдары туралы түсініктерді көңейту; құстар өзіннің ұяларын қалай жасайтының туралы таныстыруды жалғастыру; (ұяларының әр түрлі)	1
27.		«Құстардың алаңында: тауықпен, әтешпен және олардың балаларымен таныстыру!»	тауықтың отбасы, олардың сыртқы айырмашылық туралы алғашқы түсініктемелерін беру; ойын суретінде оларды тануға үйрету, әтеш, тауық, балапандардың дауыстарын тануға және оларға еліктеу; тәрбиешіні тыңдауға дамыту, сөздерге, қимылдарға еліктеу;	1
28.		«Ауылдағы алаңында: мысық	балалардың үйдегі жануарлар туралы түсініктерді	1

		<b>пен итпен тәнистырыу»</b>	қалыптастыру: адамдардың қасында тұрады, пайдалын әкеледі, адам оларға қамқор болады (тамақтандырады, емдейді); ақыл-ойдың амалын – жиынтықтау; жануарларға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;	
29.	Cәyір	<b>«Көктемнің белгісі!» серуен</b>	балаларды көктемдегі өзгерістерді бақылауды түрткі болу; ауа райы қандай екенін тауып алушы; жалғастыру; көктемнің кейбір ерекшеліктерімен тәнистырыу; көктемдегі ауаның әдемілігіне назар аудару;	1
30.		<b>«Кімде қандай ана: марғаулар, бұзаулар, балапандар, лақтар, күшіктөр» Д/о: «Кімнің балалары?».</b>	үй жануарларды және олардың балаларының атауларын, олар қайда тұратының, немен тамақтандыратының, олардан адам қандай пайдалын алатының бекіту; көру зейінді, зейінді, ұсақ моторикасын, байланысып сөйлеуді дамыту; тірі табиғатқа қызығушылықты қолдау; балаларда мейірімділік сезімін тәрбиелеу; жануарларға қамқорлық қалыптастыру;	1
31.		<b>«Кімде қандай ана: кірпілер, көжектер, мыршайлар, тиіндер, қонжықтар» Д/о: «Кімнің балалары?».</b>	жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту; жануарлар және олардың балапандарын айыру икемін қалыптастыру, олардың атауын дұрыс белгілеу; жаңа жануарлармен танысу арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту және сөздік қорын белсендіру; балаларға жануарларды және олардың балаларын белгілейтін зат есімдерді көптік және жекеше түрінде сөйлеуде пайдалануды көмектесу; (аю –қонжық - қонжықтар);	1

32.		<b>«Біздің аланың ағаштары!»</b>	балаларда нақты объектіге (ағашқа-қайынга) қызығушылықты тұғызу, қайынның құрылышын бекіту, қайынның басқа ағаштардан айырмашылығын тауып алу; балаларда бақылау, зертеу ықыласын дамыту, жаңа білімдерді алу; сын есімдер арқылы сөздік қорын байыту;	1
33.	Мамыр	<b>«Бақ-бақ жана койлек киеді!»</b>	балаларды бақ-бақ өсімдігімен, оның құрылышымен, таныстыру; ол туралы білімдерің кеңейту, гүлдермен сүйсіну қарау ықыласын тәрбиелеу; балалардың ойлауды, қимылды белсенді, байланысып сөйлеуді дамыту; гүлдің әдеміліген эмоционалдық жауапты тәрбиелеу;	1
34.		<b>«Ара қайда ұшып кетті?» Д/о «Ара мен гүлдер».</b>	балаларды ара жәндігімен таныстыру; аралар қалай еңбектенетін, қысқа қалай дайындалатын туралы түсініктемелерін беру; (корларды жасайды, шарбатты жинаиды); балалардың сөздік қорын белсендіру және байыту (еңбекшіл аралар, шарбат, тозан, ара ұясы); колдарының ұсақ моторикасын, қимылды икемділіктерін, құмарлықты, музыкалық естуді дамыту; балалардың еңбекке деген қызығушылығын қолдау;	1
35.		<b>«Бақылдауық бақа»</b>	балаларды бақаның өмірімен мен тاماқтануымен таныстыру; бақаның дене құрылышын көрсету; басқа жануарлар үшін бақаның маңыздылығын көрсету;	1
36.		<b>«Көктемде жәндіктер: көбелекпен,</b>	балаларды көбелектерді мен қоныздарды атауды және танып алушуды үйрету; қонызды	1

		<b>қоңызбен таныстыру»</b>	көбелектерден олардың сыртқы келбетінің, тәртіптерінің ерекшеліктеріне қарай айыру икемділігін қалыптастыру; сөйлеудің белсенділігін және ойлау амалын дамыту; сөздік қорын байыту (бізтұмсық, жарқын, нәзік, ызылдайды, үшады); табиғатқа үқыпты қатынасын тәрбиелеу; бақылауға қызығушылықты тәрбиелеу;	
<b>Барлығы: 36 сағат</b>				

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- Аксёнова З.Ф. Войди в природу другом. экологическое воспитание дошкольников. М.: ТЦ Сфера, 2008.
- Вороневич О.А. Добро пожаловать в экологию. СПб, Детство-Пресс, 2003
- Горбатенко О.Ф. Система экологического воспитания в ДОУ. Волгоград, Учитель, 2007.
- Гончарова Е.В., Моисеева Л.В. Технология экологического образования детей старшей группы ДОУ. Екатеринбург, Центр проблем детства, 2002.
- Грехова Л.И. В союзе с природой. М., Илекса, Ставрополь, 2001.
- Иванова А.И. Экологические наблюдения и эксперименты в детском саду. Мир растений. М., ТЦ-Сфера, 2007.
- Коноваленко В.В., Коноваленко С.В. Развитие связной речи по теме «Лето». М., Издательство Гном и Д, 2004.
- Листок на ладони. //Под ред. Л.М.Маневцовой. СПб., Детство-пресс, 2003.
- Мариничева О.В., Елкина Н.В. Учим детей наблюдать и рассказывать. Ярославль, Академия Холдинг, 2002.
- Николаева С.Н. Экологическое воспитание младших школьников. М., Мозаика-Синтез, 2002.
- Николаева С.Н., Комарова И.А. Сюжетные игры в экологическом воспитании дошкольников.
- Николаева С.Н. Воспитание экологической культуры в дошкольном детстве. М., Просвещение, 2002.
- Николаева С.Н. Методика экологического воспитания в детском саду. М., Просвещение, 2002.
- Николаева С.Н. Как приобщить ребенка к природе. М., Новая школа, 1993.
- Николаева С.Н.Эколог в детском саду. М., Мозаика-синтез, 2004
- Павленко И.Н., Родюшкина Н.Г.. Развитие речи и ознакомление с окружающим миром в ДОУ. М., Сфера, 2005.
- Петрова Т.И., Петрова Е.С.. Игры и занятия по развитию речи. М., Школьная пресса, 2005.
- Потапова Л.М. Детям о природе. Экология в играх. Ярославль, Академия холдинг, 2000
- Рыжова Н.А. Не просто сказки. М., Линка-пресс, 2002.
- Шорыгина Т.А. Птицы. Какие они? М., Издательство Гном и Д, 2000.
- Шорыгина Т.А. Птицы. Какие месяцы в году? М., Издательство Гном и Д, 2002.
- Виноградова, Н.Ф. Умственное воспитание детей в процессе ознакомления с природой / Н.Ф. Виноградова. – М.: Просвещение, 2008. – 35 с.

## **Мазмұны**

1. Түсініктеме хат.....
2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері.....
3. Әдістемелік қағидалар, күтілетін нәтиже.....
4. Блоктық-модульдік жоспарлауы.....
5. Вариативтік-тақырыптық жоспары.....
6. Әдебиеттер тізімі.....